

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 906 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысында :
көрсетілген қаулыға 214-1-қосымшада :
6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

"9 халыққа қызмет көрсету орталықтарын" деген сөздер "4 халыққа қызмет көрсету орталықтарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жөндеу" деген сөзден кейін "және қайта жанарту" деген сөздермен толықтырылсын ;

"(Компьютерлер - 270 бірлік, принтерлер - 243 бірлік, үздіксіз қуаттандыру көздері - 9 бірлік), серверлік және желілік жабдықтар - 20 бірлік, ауа баптағыштар - 36 бірлік, көшірме аппараттары - 36 бірлік, 9 шағын АТС, бағдарламалық өнімдер" деген сөздер " (компьютерлер - 180 бірлік, принтерлер - 186 бірлік, үздіксіз қоректендіру көздері - 6 бірлік), серверлік және желілік жабдықтар - 26 бірлік, кондиционерлер - 16 бірлік, көшіру аппараттары - 16 бірлік, 4 шағын АТС, бағдарламалық өнімдер, халыққа қызмет көрсетуді оңтайландыру және есепке алу цифрлық жүйесі - 2 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) күші жойылды

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.20. N 319 қаулысымен.

3) "Астана және Алматы қалаларында "жалғыз терезе" қағидаты бойынша халыққа мемлекеттік қызмет көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 мамырдағы N 501 қаулысында :

Астана және Алматы қалаларындағы "жалғыз терезе" қағидаты бойынша Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесінде:

2-тармақтың 2), 3), 4), 5) тармақшалары алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК